

Ордабасы аудандық коммуналдық мүлкін мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 15 қыркүйектегі № 477 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 24 қыркүйекте № 2808 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 15 сәуірдегі № 183 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданы әкімдігінің 15.04.2015 № 183 қаулысымен.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңдарына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 ақпандағы № 88 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларының 50-тармағына сәйкес Ордабасы аудандық әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Ордабасы аудандық коммуналдық мүлкін мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу тәртібі осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. «Ордабасы аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Ордабасы ауданы аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын ;

2) осы қаулыны Ордабасы ауданы әкімдігінің интернет ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ордабасы ауданы әкімінің орынбасары **Ғ.Қ. Үсенбаевқа** жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі **С.Сапарбаев**
Ордабасы ауданы әкімдігінің
2014 жылғы 15 қыркүйектегі
№ 477 қаулысына қосымша

Ордабасы аудандық коммуналдық мүлкін мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу тәртібі

1. Осы Ордабасы аудандық коммуналдық мүлкін мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу тәртібі (бұдан әрі – Тәртіп) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 ақпандағы № 88 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларының 50-тармағына сәйкес әзірленді және аудандық коммуналдық мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу тәртібін айқындайды.

2. Аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың балансында тұрған мемлекеттік тұрғын емес қордың объектілерін мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жылдық жалдау ақысын есептеу тұрғын емес үй-жайдың салыну үлгісі, түрі, қолайлылық дәрежесі, аумақтық орналасуы, жалдаушының қызмет түрі, жалдаушының ұйымдық-құқықтық нысаны ескерілетін коэффициенттердің қолданылатын базалық мөлшерлемесі мен мөлшерлері негізінде анықталып, мына формула бойынша жүзеге асырылады:

$$A_{п} = P_{бс} \times S \times K_{т} \times K_{к} \times K_{ск} \times K_{р} \times K_{вд} \times K_{опф},$$

м ұ н д а :

$A_{п}$ – жылына коммуналдық заңды тұлғалардың балансында тұрған мемлекеттік тұрғын емес қордың объектілерін мүліктік жалдау ақысының мөлшерлемесі;

$P_{бс}$ – 1 шаршы метрге жылына теңге жалдау ақысының базалық мөлшерлемесі;

S – жалға алынатын алаң, шаршы метр;

$K_{т}$ – құрылыс типін ескеретін коэффициент;

$K_{к}$ – тұрғын емес үй-жайдың түрін ескеретін коэффициент;

$K_{ск}$ – қолайлылық дәрежесін ескеретін коэффициент;

$K_{р}$ – аумақтық орналасуын ескеретін коэффициент;

$K_{вд}$ – жалдаушының қызмет түрін ескеретін коэффициент;

$K_{опф}$ – жалдаушының ұйымдастыру-құқықтық нысанын ескеретін коэффициент.

Қазақстан Республикасының «Республикалық бюджет туралы» Заңымен белгіленген тиісті жылға арналған 1,5 (бір жарым) айлық есептік көрсеткіші жалдау ақысының ($P_{бс}$) базалық мөлшерлемесі болып белгіленсін.

3. Жабдықтар мен автокөлік құралдарын мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының есеп айырысуы мына формула бойынша жүзеге асырылады:

$$A_{п} = C \times N_{ам} / 100 \times K_{п}$$

м ұ н д а :

Ап - жылына жабдықтар мен көлік құралдары үшін жалдау ақысының мөлшерлемесі ;

С - бухгалтерлік есеп деректері бойынша жабдықтардың қалдық құны; 100 пайыз тозуы есептелген жабдықтар мен көлік құралдарын мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде қалдық құны бастапқы (қалпына келтіру) құнынан 10 пайыз мөлшерінде қабылданады;

Нам - Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексінің (Салық кодексі) 120-бабына сәйкес амортизацияның шекті нормалары;

Кп - төмендету коэффициенті (жабдықтар мен көлік құралдары алпыс пайыздан аса тозу кезінде қолданылады - 0,8 мөлшерінде, сауда-сатып алу (делдалдық) қызметті қоспағанда, өндірістік қызметті ұйымдастыру және халыққа қызмет көрсету саласын дамыту үшін шағын кәсіпкерлік субъектілеріне беру кезінде - 0,5 мөлшерінде).

4. Мемлекеттік заңды тұлғаларға мемлекеттік тұрғын емес қордың объектілерін, жабдықтар мен көлік құралдарын беру кезінде жалдау ақысының сомасы 0 (нөл) теңге көлемін құрайды.

5. Коммуналдық заңды тұлғалардың балансында тұрған мемлекеттік тұрғын емес қордың объектілерін мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысын күніне төлеу мөлшерлемесі жылдық жалдау ақысының бағасынан есептелінеді және мүліктік жалдау бойынша ай сайынғы төлем мөлшерлемесін айлық жұмыс күндерінің санына математикалық бөлу жолымен анықталады:

$$А п . п л д . = К / Р д / 2 ,$$

м ұ н д а :

Ап. плд. – жалдау ақысының жарты күндік мөлшерлемесі;

К - жалдау ақысының ай сайынғы мөлшерлемесі (К=Ап/12);

Рд - 1 айдағы жұмыс күндерінің саны;

$$А п . д . = К / Р д ,$$

м ұ н д а :

Ап. плд. – жалдау ақысының 1 күндік мөлшерлемесі;

К - жалдау ақысының ай сайынғы мөлшерлемесі (К=Ап/12);

Рд - 1 айдағы жұмыс күндерінің саны;

4 (төрт) сағатқа дейін қоса алғанда мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде Ап.плд., ал күніне 4 (төрт) сағаттан жоғары мерзімге беру жағдайында Ап.д. қолданылады, бірақ күніне 8 (сегіз) сағаттан артық емес.

Мемлекеттік тұрғын емес қордың объектілерін мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде бір күнге жалдау ақысының мөлшерлемесі теңгерім ұстаушымен келісілген ниет білдірушінің ұсынған жұмыс кестесіне сәйкес толық

емес күнге (спорттық, акт және көрме залдары, оқу аудиториялары) берілген кезде қолданылады. Осы есеп мәдени ойын-сауық іс-шараларына таралмайды.

6. Ордабасы аудандық коммуналдық мүлік объектілері үшін жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу кезінде қолданылатын коэффициенттер:

№	Коэффициенттер түрі	Коэффициент мөлшері
1	Құрылыс типін ескеретін коэффициент (Кт):	
	1.1 кеңселік	1
	1.2 өндірістік	0,8
	1.3 қойма, гараж, қазандық	0,6
	1.4 спорттық ғимараттар (стадиондар, спорттық залдар)	0,7
2	Тұрғын емес үй-жайдың түрін ескеретін коэффициент (Кк)	
	2.1 жеке тұрған құрылыс	1
	2.2 жапсарлас-жанаса салынған бөлігі	0,9
	2.3 астыңғы (жартылай жертөле) бөлігі	0,7
	2.4 жертөле бөлігі	0,6
3	Қолайлылық дәрежесін ескеретін коэффициент (Кск)	
	3.1 барлық инженерлік-техникалық құрылғылары бар үй-жайлар үшін (электр энергиясы, кәріз, сумен қамтамасыздандыру, жылу) коммуникациялардың қандай да бір түрлері жоқ болса, әрбір түрге 0,1-ге азаяды	1,0
4	Аумақтық орналасуын ескеретін коэффициент (Кр):	
	4.1 аудандық орталықтар үшін	1,5
	4.2 ауылдық округ	1,0
5	Жалдаушының қызмет түрін ескеретін коэффициент (Квд):	
	5.1 халыққа қызмет көрсетуге арналған банктердің, «Қазпошта» АҚ-ның есеп айырысу-кассалық орталықтары, банкоматтар, терминалдар үшін (қол жетімділігі шектеулі коммуналдық заңды тұлғалардың ғимараттарында 0,5-ке төмендеу коэффициенті қолданылады): А у д а н о р т а л ы ғы қалған елді мекендер	2 , 5 2,0
	5.2 брокерлік қызметті жүзеге асыру және кеден қызметтерін көрсету, айырбастау пункттері және қызметі бағалы қағаздар нарығымен байланысты ұйымдар, сақтандыру, инвестициялық компаниялар, нотариалдық кеңселер, адвокаттық кеңселер үшін	3,0
	5.3 сауда, қонақ үй қызметтерін ұйымдастыру үшін қылмыстық-атқарушылық жүйенің ғимараттарында және оқу орындарының жатақханаларында сауда қызметтерін ұйымдастыру үшін	2 , 5 1,9
	5.4 қоғамдық тамақтануды ұйымдастыру үшін	1,5
	5.5 мынадай салаларда қызметтерді ұйымдастыру үшін: ғылым және жоғары білім беру орта білім беру мектепке дейінгі білім беру	1 , 1 0 , 9 0,8
	5.6 денсаулық сақтау, мәдениет және спорт салаларында қызметтерді ұйымдастыру үшін	1,0

	5.7 өткізу жүйесі бар (қол жетімділігі шектеулі) коммуналдық заңды тұлғалардың ғимараттарында қызметкерлердің тамақтануын ұйымдастыру, тұрмыстық қызметтерді көрсету, сондай-ақ оқу орындарындағы және оқу орындарының жатақханаларындағы асхана мен буфеттер үшін	0,5
	5.8. 5.1-5.7-тармақтарда көрсетілген қызмет түрлерін қоспағанда, қызмет түрлері үшін	1,9
6	Жалдаушының ұйымдастыру-құқықтық нысанын ескеретін коэффициент (Копф):	
	6.1 сауда-сатып алу (делдалдық) қызметті қоспағанда, өнеркәсіп өндірісін ұйымдастыру және халыққа қызмет көрсету саласын дамыту үшін шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін	0,9
	6.2 акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайыздары немесе акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі және табысының кемінде 90 пайызын бюджеттік бағдарламаларды орындаудан алатын акционерлік қоғамдар (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер) үшін	0,8
	6.3 қайырымдылық және қоғамдық бірлестіктер, коммерциялық емес ұйымдар үшін	0,5
	6.4 қалғандары үшін	1,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ